

П.Т. Медетбекова¹, Б.Қ. Қордабай^{1*}, М.К. Мамбетова¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(e-mail: bakyt.kordabay@gmail.com)

Ассоциативтік сөздіктің психолингвистикалық аспектісі

Мақалада өткен ғасырдың аяғында жарыққа шыққан әртүрлі тілдердің, негізінен, орыс, ағылшын, славян тілдері, негізгі ассоциативтік сөздіктерінің сипаттамасы келтіріліп, мақала авторларының жүргізген компьютерлік ассоциативтік эксперимент нәтижесі қоса берілген. Сондай-ақ әлемдік лингвистика тәжірибесіндегі кең таралған ассоциативтік эксперименттің тарихына қысқаша шолу жасалған. Сөздіктердің сипаттамасында материалдар жинақталған ассоциативтік эксперименттің түрі және респонденттердің таңдалуы, сөздіктердің құрылымындағы ерекшеліктер көрсетілген. Эксперименттер барысында алынған деректерді сөздік мақаласына жазу және оларды талдау мәселесіне ерекше назар аударылады. Ассоциативтік сөздіктерге шолу жасау барысында Ю.Н. Карауловтың «Русский ассоциативный словарь», В.Е. Гольдин, А.П. Сдобнова, А.О. Мартыановтың «Орыс ассоциативтік сөздігі: I–XI сынып оқушыларының ассоциативтік реакциялары», Н.В. Уфимцева, Г.А. Черкасова, Ю.Н. Караулов, Е.Ф. Тарасовтың «Славянский ассоциативный словарь: русский, белорусский, болгарский, украинский» немесе қысқаша түрде «Славян ассоциативтік сөздігі», Эдинбург ассоциативтік тезаурусының лексикографиялық сипаттары талданады. Пилоттық сауалнама түріндегі Google форма платформасында 3 тілде (қазақ, орыс, ағылшын) стимул сөздері ретінде қазақ халқының ұлттық танымын дәл бейнелейтін, ұлттық концептіні білдіретін тілдік бірліктермен жүргізілген компьютерлік ассоциативтік эксперименттің нәтижелері кесте түрінде беріледі. Қазақ тілінің ұлттық ассоциативтік сөздігін құрастыру, талдау барысында оның мазмұнында қазақ халқының табиғатына тән тілдік фактілер көрініс тапты. Сөздіктің басқа тілдердегі еңбектерден бірден бір ерекшелігі — тұрақты тіркестер, метафора, эпитеттер, афоризмдер, қанатты сөздердің реакция ретінде берілуі. Сонымен бірге, мақала авторлары психолог мамандардың зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, ерлер мен әйелдердің тілдік санасы, дүниетанымы, эмоциясын білдіру амалдары, тіпті ойлауы мен тілдік бірліктерді қолдану тәсілдері де әртүрлі болып келетінін талдайды. Осындай гендерлік айырмашылықтар ассоциациялардың статистикалық есебін жүргізе келе анықталып отыр. Осыған байланысты авторлардың реакциялардың «гендерлік» ерекшеліктері болады» деген гипотезасы ғылыми тұрғыдан дәлелденіп отыр, осылайша ассоциативтік сөздік арқылы жеке адамның және жалпы қоғамның тілдік санасының гендерлік айырмашылығы айқындала түседі. Қазақ тілінің ұлттық ассоциативтік сөздігінің жарыққа шығуы қазақ этносының менталитетінің этно-мәдени ерекшелігін зерделеуге негіз бола алады деп санаймыз. Себебі бұл сөздік қазіргі қазақ тілінде сөйлейтін тіл иелерінің тілдік санасындағы лингвомәдени және этноәлеуметтік стереотиптерді көрсетеді, сондай-ақ қазіргі интегративті лингвистиканың өзекті мәселелерін шешудің көптеген басқа мүмкіндіктерін ашады. Мақала лексикограф мамандарға, тіл біліміне қызығушылық танытқан көпшілікке арналады.

Кілт сөздер: ассоциация, ассоциативтік сөздіктер, стимул, реакция, лексикография.

Kіріспе

Қазақ тілінің ассоциативтік-вербалды өрісін бейнелейтін ассоциативтік сөздіктер қазақ тіл білімі тарихында екі түрлі шығарылым арқылы белгілі: алғашқы қазақ-орыс сөздігін ғалым Д.А. Дмитриук 1978 ж. жарыққа шығарса [1], осы сөздік қайтадан 1998 жылы қайта басылған. Екінші сөздік «Қазақша ассоциациялық сөздік»/«Казахский ассоциативный словарь» деген атаумен 2014 жылы Шымкент, Мәскеу қалаларында жарыққа шыққан. Соңғы сөздік Шымкент қаласында қазақ тілінде оқитын Оңтүстік Қазақстан жоғары оқу орындарының 1000 студентімен жүргізілген жаппай ассоциативтік эксперимент материалдары бойынша құрастырылып, өзінің ауқымды сипатымен ерекшеленеді. Себебі аталған сөздікте 1000 респонденттен 120 000 реакция жиналып, олар ішінара жыныстық құрам бойынша жіктелген.

Ұсынылып отырған мақалада жаппай ассоциативтік эксперимент нәтижесінде әзірленіп жатқан қазақ тілінің ұлттық ассоциативтік сөздігіне психолингвистикалық тұрғыдан талдау жасалынып,

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: bakyt.kordabay@gmail.com

ассоциативтік жауаптар семантикалық топтарға бөлініп, реакциялардың ұлттық сананы айқындауда, оған әсер етуші ішкі, сыртқы лингвистикалық факторлар көрсетіледі.

Мақала қазақ тілінің ұлттық ассоциативтік сөздігінің құрастырылуы қазақ этносының ұлттық менталитетінің, менталдық лексиконының этно-мәдени ерекшелігін зерделеуге негіз болатындығын дәлелдеп, еркін ассоциативтік эксперимент арқылы жиналған реакциялардың ұлттық лингвомәдени және этноәлеуметтік стереотиптерді көрсететіндігін кешенді талдайды. Кешенді талдау негізіндегі (ассоциациялардың гендерлік, семантикалық сипатын талдап, статистикасын беру) ассоциативтік сөздіктің психолингвистикалық ерекшеліктерінің айқындалуы ғылыми мақаланың басты мақсаты болмақ.

Ғылыми тұрғыдан 70 жылдан астам уақыт бойы әлемнің түкпір-түкпірінде зерттеліп келе жатқан психолингвистика ғылымының ең танымал әрі жиі қолданыс тапқан әдісі ассоциативтік эксперимент екендігі баршаға аян. Ассоциативтік эксперимент — XX ғасырдың басынан күні бүгінге дейін ондаған тілдердің психолингвистикалық қырын зерттеуде әрі ассоциативтік сөздіктерді құрастыру үшін жүргізілетін бірден бір әдіс.

Ассоциативтік сөздіктер антропоэзектілік парадигма аясында түрлі мәдениет өкілдерінің тілдеріндегі категориялау және сәйкестендіру процестерінің ерекшелігі, сонымен қатар тілдік тұлғаның жынысы, жасы, білім деңгейі мен кәсібі, өмір сүру жағдайларының өлшемдеріне қарай тілдік санасы, әлем бейнесін т.б. айқындауға, психолингвистика, когнитивтік тіл білімі, әлеуметтік тіл білімі, лингвомәдениеттану және басқа да ғылымдардың көптеген өзекті мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін лингвистикалық еңбектердің қатарына жатады.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Алғашында психология, психопатология, психотерапия, психиатрияда, атап айтқанда, К.Г. Юнг, В.А. Рассел, Д. Палермо және т.б. зерттеулерінде науқастардың жоғарғы жүйке жүйесіндегі ақаулар, еске түсіру, қабылдау т.б. процестерді анықтау мақсатында қолданылған ассоциативтік эксперименттер кейіннен тіл білімінде де тілдік құбылыстарды *зерттеу әдісі* ретінде таныла бастайды. К.Г. Юнг бойынша ассоциативтік экспериментте «экспериментатор респондентке кез келген сөзді ұсынады, оған жауап ретінде ол өзінің ойына келген алғашқы сөзбен мүмкіндігінше тез жауап беруі керек» [2; 99]. Осы бағытта зерттеу жүргізген Д. Нельсон, К. Макевой, С. Деннис сияқты ғалымдар бұл үдерісті келесідей сипаттайды: «Біз еркін ассоциацияны былайша түсіндіреміз: ол — қатысушылар тарапынан берілген айтылыммен белгілі бір байланыста болатын, бірінші ойға келген сөзді айтуды талап ететін тапсырма (мысалы, мағынасы, ұйқасы, сөз жасалымы)... Бұл тапсырма күнделікті өмірде «ойларды жинау» құралы ретінде қолданылады және интернеттен ақпарат табуға тырысқанда немесе жазбаша, ауызша дұрыс сөзді іздегенде айқын көрінеді» [3; 887].

Ассоциативтік эксперимент — адамның санасында қалыптасқан ассоциацияларды, клишелерді анықтау әдісі. Ассоциативтік эксперимент ана тілінің танымдық санасындағы ұғымның мазмұнын анықтауға, ұғымды құрайтын атрибуттарды бөлуге, ұғымның ассоциативтік қабатын құруға көмектеседі. Сондықтан бұл әдіс жеке тұлғаның лингвистикалық санасына жақындаудың тиімді әдісі болып табылады. Тілдік сананың ядросы танымдық байланыстардың саны көп және жиі кездесетін ассоциацияларынан тұрады [4; 295].

XX ғасырдың басынан Дж. Киш, К. Армстронг, Р. Милрой, Дж. Пайпер, Дж. Дизель, Ч. Осгуд, М.Р. Розенвейг, Л. Постман, А.А. Леонтьев, А.А. Залевская, Е.Ф. Тарасов, Ю.А. Сорокин, Н.В. Уфимцева, Р.М. Фрумкина, Н.О. Золотова, А.Н. Василевич секілді беделді психолог ғалымдар ассоциативтік нормалардың алғашқы сөздік, тезаурустарын жасай бастайды. Осы кезеңде психологтар науқастың психикалық денсаулығының «қалыпты/ауытқыған» деңгейін белгілеген. Уақыт өте келе бұл әдіс көмегімен дені сау адамдардың ассоциативтік реакцияларын әртүрлі мақсаттарда зерттеу басталады.

Қазақстандық лингвистикада ассоциативтік эксперименттер 1960–1970 жылдардан бастап А.А. Залевская, М.М. Копыленконың жетекшілігімен орыстілді, қазақтілді жергілікті тұрғындар арасында жүргізіледі. Олардың қатарына 1980-90-жылдары лингвистер Н.В. Дмитрюк, Г. Гиздатов т.б. қосылады. Эксперименттер нәтижесінде лингвистер 1910 жылы жарыққа шыққан Кент-Розаноффтың 100 стимул сөздері [5; 374] негізіндегі 2 ассоциативтік сөздікті (1978, 2014) шығарып үлгерді.

Мақаламыздың материалы ретінде алынатын ұлттық ассоциативтік сөздіктерге талдау жасау барысында әлемдік тілдер қатарындағы орыс және ағылшын тілдеріне қатысты құрастырылған

ассоциативтік сөздіктерге шолу жасап, олардың лингвистикалық, лексикографиялық сипаттарын атап өткен жөн.

1994 жылы Мәскеу қаласында жарық көрген орыс ғалымы Ю.Н. Карауловтың «*Русский ассоциативный словарь*» сөздігі екі бөліктен тұрады: тікелей ассоциативті сөздік және кері. Оның бірінші бөлігі «стимулдан реакцияға дейін» (S — R) қағидаты бойынша құрастырылып, сөздік мақала стимулмен байланысты сөздердің ассоциативтік өрісі болады.

Мақаладағы реакциялар олардың жиілігінің төмендеу ретімен орналастырылған. Мәселен, 526+186+10+135 формуласындағы 526 стимул берілген субъектілердің жалпы санын көрсетсе, 186 осы мақаладағы әртүрлі жауаптардың жиынтық санын береді; 10 — берілген стимулды жауапсыз қалдырған субъектілердің санын, яғни «сәтсіздіктер» санын жазады; соңғы 135 бірлік реакциялардың санын көрсетеді [6].

Сөздік құрастыру барысында лексикографтар тарапынан экспериментке қатысушыларға мынадай талаптар қойылған: орыс тілі ана тілі болуы; диалектілердің ықпалы барынша аз көрініс табатын қала тұрғындары болуы; субъектілерді кең аумақтық тұрғыдан қамту көзделгендіктен, олар Ресей қалаларының батыс шекараларынан оның солтүстік шекараларына дейінгі, яғни Владивосток пен солтүстіктен оңтүстікке — Ярославльден Белгородқа дейін тұрғындары болуы; авторлар экспериментке қатысушылардың барлық білім салаларының өкілдеріне қатысты болуын қамтамасыз ету үшін субъектілердің негізгі құрамын 17–25 жас аралығындағы Ресейдің жоғары оқу орындарының барлық мамандықтарының студенттерінен жинақтаған.

Батыс Еуропа лингвистикалық мектебі дәстүрінде құрастырылған көпшілікке танымал сөздік — *Эдинбург ассоциативтік тезаурусы (ЭАС)*. ЭАС құрастыру жұмыстары 1968 жылдың маусым айынан 1971 жылдың мамыр айына дейінгі аралықта Эдинбург университетінде Джордж Кисс, Кристин Армстронг және Роберт Милройдың жетекшілігімен жүргізілген. Бұл тезауруста 8400 стимул бойынша 788 000-нан астам ассоциациялар тіркелген, олар 23 218 түйін және 312 342 бағытталған доғалардан тұратын ассоциативтік желіні құрайды [7]. Олар әртүрлі сөз таптарынан, грамматикалық формалардан тұрады. Жалпы, А.А. Залевскаяның айтуынша, «ассоциативтік тезауруста 55837 мақала бар» [8; 31].

Ассоциативтік эксперименттің бірінші кезеңін өткізу үшін Кисс 1000 стимулды, оның ішінде Палермо мен Дженкинс тізімінен 200 сөз [9], Торндайк пен Лордж сөздігінен [10] және Огденнің «Негізгі ағылшын тілінен» [11] ең көп қолданылатын бірінші мың сөзден 800 сөзді іріктеп алған.

Сонымен бірге, ағылшын тіліндегі «*Сөздердің шағын әлемі*» (*Small World of Words*) (SWOT-EN) жобасы шеңберінде 2011–2018 жылдары аралығында еркін ассоциативтік эксперимент жүргізіліп, жаңа ассоциативтік реакциялар жинағы құрастырылған. Зерттеу барысында 90 000-нан астам қатысушыдан 12 000 ассоциация алынған. Экспериментке американдық ағылшын және британдық ағылшын тілінде сөйлейтін 16 жастан асқан ересектер қатысқан [12; 7170].

Мақала авторлары қазақ тілінің ұлттық ассоциативтік сөздігін құрастыру үшін еркін ассоциативтік эксперимент әдісін қолданды. Ол үшін ана тілі қазақ тілі, жасы 18-ден асқан Қазақстан Республикасының азаматтары іріктеліп алынды. Айта кетерлік жайт, экспериментке қатысушылардың көпшілігін Алматы қаласында оқитын жоғары оқу орындарының студенттері құрады. Қазақ халқының ұлттық құндылықтар жүйесін анықтау мақсатында этнолексемалар болатын стимул сөздер (*мүшел, шауу, бесік жыры, бесік, кейуана* т.б.) алынып, респонденттерден ойына бірден келетін алғашқы үш сөзді жазу керек екендігі түсіндірілді. Ассоциативтік эксперимент 25 стимул сөзден тұратын *Google Forms* платформасы негізінде онлайн форматта жүргізілді. Осылайша, әрбір стимул сөзге тек бір ғана лексема ғана емес, сөз тіркестері, дәйексөздер, мақал-мәтелдер сияқты паремиологиялық сөз қолданыстары, русизмдер, англицизмдер түрінде реакциялар жинақталып, ассоциациялар арқылы қазақ халқының ұлттық танымы мен тілдік санасында қалыптасқан тілдік бірліктерге лингвистикалық және гендерлік тұрғыдан талдау жасалынды.

Талқылаулар мен нәтижелер

Ассоциативтік сөздіктің психолінгвистикалық ерекшеліктерін қазақ тіл білімінде бар 2014 жылы бірнеше тілші мамандар құрастырған қазақ тілінің ассоциативтік сөздігі мен ұлттық концептілерден тұратын, қазақи құндылықтарды дәріптеп, зерттеуге мүмкіндік беретін, мақала авторлары ұсынатын ұлттық ассоциативтік сөздіктерді жан-жақты талдау арқылы анықтауға болады. Осы себепті екі сөздікке де ортақ «ұят» стимулын мысалға алып, көрнекі түрде зерделеудің ғылыми

маңызы зор болмақ. Осы орайда мақалада берілетін аббревиатуралардың мағынасын анықтап көрсеткен орынды болмақ: ҚАС — Қазақ ассоциативтік сөздігі, ҰАС — Ұлттық ассоциативтік сөздік.

Жалпы қазақ халқының ұлттық құндылықтар жүйесінде «ұят» лексемасының семантикасы мен прагматикасының ауқымы кең. Оны этнолингвистикалық, теоллингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық, психоллингвистикалық талдауларда жан-жақты қарастыруға болады. Оны қазақ тілінде осы лексема құрамында болатын тілдік мысалдар мен күнделікті өмірде жиі қолданылуы сипатынан байқауға болады. «Ұят болады», «Өлімнен ұят күшті», «Ұятың білсін», «Ұяттан кіретін тесік таппадым», «Ұятсыз адам иттен де жаман» сияқты тіркестер мен мақал-мәтелдер «ұят» сөзінің қазіргі заманда да қазақ халқы үшін өзектілігін айқындап, «ұяттың» адамгершілік деңгейдің көрсеткіші бола алу мен гуманистік сипатқа ие екендігін білдіреді. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» «ұятты» адам бойындағы ізгі қасиет, ары мен намысы, адамдардың қарым-қатынас мәдениетіндегі жақсы мен жаманды түсініп, ажырата білуі» деп түсіндіреді [13]. Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде бұл сөз «стыд» ретінде алынып, «әрекеттің ерсілігі, кінәлі болудан туындайтын санадағы қатты ұялу сезімі» деп анықталса [14], ал ағылшын тілінің Оксфорд сөздігінде «ұят» лексемасы «shame» сөзімен беріліп, оған келесі анықтама келтірілген: «жасалған істің дұрыс емес немесе ерсі екенін білгенде пайда болатын қайғылы, ұялған немесе кінәлі болу сезімі» [15]. Үш түрлі тілдегі мысалдардан анық байқасақ, «ұят» ұғымы қазақ тілінде моральдық ұстаным, философиялық тұрғыда терең мағынасымен ерекшеленеді. Ал орыс, ағылшын тілдерінде бұл түсінік тек адамның бойындағы жағымсыз іс-әрекеттерді жасағаннан туындайтын психикалық күйді сипаттайды. Демек, «ұят» ұғымының қазақ тілі мен қоғамындағы мәні мен мағынасы әлдеқайда кең әрі терең. Ал аксиологиялық тұрғыдан талдасақ, «ұят» — қазақ этносы үшін жоғары моральдық ұстанымды танытатын ұлттық құндылық және этнофилософиялық танымы мен көзқарасының жарқын бір үлгісі.

ҚАС-та «Ұят» стимулына 164 түрлі реакциялар жиналып, олардың жалпы саны 1079 құраған. Осы 1079 реакцияның мағыналық сипаты, грамматикалық құрылымы сан түрлілігімен ерекшеленеді. Қазақ халқының моральді-этикалық құндылықтарын дәл білдіре алатын осы стимул сөзге берілген жауаптардың арасында оң коннотациялы лексемалар (*имандылық, ар-абырой, абырой, ар-ождан, пәк, құрмет* т.б.), теріс коннотациялы лексемалар (*жаман, ұятсыз, масқара, арсыз, ыңғайсыз жағдай, кінәлі, қобалжу, жайсыз, арсыздық* т.б.), фразеологиялық бірліктер (*беті қызару, көзіне шөп салу, бас ию, ұяттан жерге кіру* т.б.), мақал-мәтел, дәйексөздер (*ұят — өлімнен күшті, әркімнің ұяты өзіне, қыз ұяты — шешеден, ұл ұяты — әкеден, ұят — ұлы сезім, ұят — инабаттылық белгісі, ұят — ардың ісі* т.б.), сөйлемдер (*көшеде сүйісу — ұят, намыс болу керек, досын сату — ұят, сен үшін ұяламын, қыз балада ұят болу керек* т.б.) (1-кесте).

1 - кесте

«Ұят» стимулының қазақ тілінің ассоциативтік сөздіктеріндегі көрінісі

Стимул	ҚАС-2014	ҰАС-2024
Ұят	Ар (157), намыс (102), ұят болды (67), қызару (53), ұялу (30), адам (21), өтірік айту (21), беті қызару (20), жаман (20), ар-намыс (19), ұятсыз (19), жоқ (16), керек (16), өтірік (16), қылық (14), ұят болмасын (14), ұятты (14), ұят — өлімнен күшті (13), масқара (12), ұят іс істемеу (12) т.б.	Ар (40), ар-намыс (36), ұялу (34), ұят (33), намыс (31), ой (25), емес (22), сезім (20), ұят емес (16), эмоция (11), обал (7), сауап (6) т.б.

2014 жылы жарық көрген ҚАС пен мақала авторлары ұсынатын ҰАС бойынша жиналған реакцияларға лингвистикалық, экстралингвистикалық талдаулар жасай келе байқайтынымыз «ұят» стимулының тілдік бірлік — лексема ретіндегі де, қоғамдағы ұлттық құндылық ретіндегі мәнде жұмсалыуының саны мен сапасы қатты өзгеріске ұшырай қоймаған. Тіл білімі, мәдениеттану, этнография, этнология, психология, когнитология, элеуметтану сияқты көптеген гуманитарлық ғылым салаларында белгілі бір тіл иелерінің ұлттық тілдік санасының айнасы іспеттес рөлді атқаратын, сол арқылы құндылықтар жүйесінің дамуы мен қалпын анықтауға қызмет ететін ассоциативтік сөздіктер, біздің жағдайымызда, ҚАС мен ҰАС-тан «ұят» стимулы мысалында осы сөздің арада 10 жыл уақыт өтсе де мағынасы мен тұлғасы ұқсас реакциялардың болуы аталған стимулдың, құндылықтың қазақ халқының өмірі мен психологиясындағы әлі де тұрақты да маңызды орнын айғақтай түседі. Кестеде берілген «ар, ар-намыс, ұят, ұялу» ассоциацияларының жиі кездесуі

қазақ тілді аудиторияның моральдық ұстанымы тұрғысынан «ұят» сезімін құрмет тұтатынын, адамның бойында ұяттың болу-болмауын оның адамгершілік қасиетінің көрсеткіші, жалпы адамға психологиялық сипаттама беруде үнемі бағдар ретінде ұстанатынын білдіріп, олардың тілдік санасында берік орын алғандығы жайлы этнопсихологиялық мазмұндағы ақпарат береді.

Жақында жүргізілген ассоциативтік эксперименттің нәтижесі негізінде жасалып жатқан ҰАС-тің бір маңызды ерекшелігі — респонденттердің доминантты билингвизм жағдайында, жаһандану үдерісі, ҚР аумағындағы жүргізілген «Үш тұғырлы тіл саясаты» мәдени бағдарламасы сияқты факторлардың әсерінен үш тілде — қазақ, орыс, ағылшынша жауап беруі. Мысалға алынған «ұят» стимулы бойынша «стыд (25), позор (15), грех (8), мудрость (5), shame (3)» реакциялары жиналды (1-сурет). Осыдан бұрын басылып шыққан ҚАС-2014 сөздігінде екі туыс емес тіл бірліктері (қазақ және орыс тілдері) кездескен. Жалпы алғанда, осы реакциялардың тіларалық пайыздық үлесі келесідей: қазақ тілінде — 74 %, орыс тілінде — 21 %, ағылшын тілінде — 1 %, интернационализмдер — 4 %.



1-сурет: «Ұят» ассоциативтік өрісінің пайыздық көрсеткіші

Мақала авторлары тарапынан жүргізілген ассоциативтік эксперимент нәтижесінде Ұлттық ассоциативтік сөздікке енетін реакциялардың ішінде де орыс, ағылшын тілдерінде берілген жауаптар кездесті.

Қазақ тілді респонденттерден жиналған ассоциациялардың арасында русизмдердің кездесуі әлеуметтік лингвистика ғылымына таныс тілдік заңдылықтар тұрғысынан алып қарағанда орынды, себебі көпұлтты Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік тіл — қазақ тілімен қатар, мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ресми түрде қазақ тілімен тең дәрежеде орыс тілі де қолданылады [16]. Демек, қазақ тілінде сөйлейтіндердің күнделікті өмірінде орыс тілінің де ықпалы болып, ол тілдік санада қалыптасып, әртүрлі дәрежедегі билингвизм құбылысын, осыдан келіп билингвтерді тудырады.

Ассоциативтік экспериментке 62 стимул сөз алынса да, мақала шеңберінде олардың барлығын қамту мүмкін болмайтындықтан, төмендегі кестеде қазақ тіліндегі стимул сөздерге келтірілген русизм ассоциациялардың саны мен тізімі, гендерлік ерекшеліктері беріледі (2-кесте).

Мысалы, «мүшел» стимулына орыс тілінде болса да, қазақ дүниетанымына сәйкес келетін «13 лет, возраст, возраст созревания, кисель, определенный год человека, подросток, подросток 13 лет, часть» реакциялары жиналған. Олардың басым бөлігі адам өмірінің белгілі бір кезіне, жасына қатысты. Шынында да, түркі халықтарында, соның ішінде, қазақ халқында 13, 25, 37, 49 жас — мүшел жасы. «Мүшел» қазақтар арасындағы хронологияның 12 жылдық циклі; осыдан үш-бес мың жыл бұрын пайда болған. Мүшел биологиялық және әлеуметтік өзгерістермен байланысты белгілі бір жасқа қатысты шектеулі өмір сүру ұзақтығы. Бірінші мүшел 1–12 жас аралығындағы кезең — балалық шак; 12–24 жас аралығында — жастық шак; үшінші және төртінші кезеңдер 24–36 жас және 36–48 жас — жетілу кезеңі; бесінші кезең 48–60 жас және одан ары — кәрілік [17; 381–391].

Осындағы әйел жынысты респонденттер жауаптарының ерекшелігі — жауапты толық мәнде, сөз тіркестермен беруге ұмтылса, ер адамдардың ассоциациялары қысқа-нұсқа (*13 лет, возраст, кисель*).

Адам өміріндегі қуанышты сәттерге байланысты туындаған ұлттық салт-дәстүрлерге қатысты «шашу» стимулына берілген *«традиция, когда в воздух в сторону гостей кидают конфеты»* реакциясы да сөздің негізгі семантикасына ұқсас, себебі шашу ретінде кәмпит, күміс теңге, құрт, мейіз шашатыны қазақтілді адамға таныс жайт.

Дүниеге келген баланы ұйықтатқанда баяу ән-жыр айту салты әлемнің көптеген халықтарына тән нәрсе. Мұндай әндер баланы тыныштандырып қана қоймайды, сонымен бірге тәрбиелейді, балаға өзінің кім екенін, оның халқы қайдан шыққанын және ұлттық құндылықтарды түсінуге мүмкіндік береді. Қазақ халқында ол «бесік жыры», орыс халқында «колыбельная», украиндықтарда «калисанки», грузиндерде «нана», ағылшындарда «lullaby», француздарда «berceuse», татарларда «бишек жырлары» секілді атауларға ие. Сондықтан да *колыбельная для малышей* (әйел адам), *мама* (ер адам) секілді ассоциациялардың туындауы бірінші жағдайда респонденттің түсінігін байқатса, екінші ер адам берген реакция тағы да қысқа түрде әрі бесік жырын айтатын субъектіні көрсетіп тұр.

Осы стимулға ұқсас тағы бір сөз — *бесік*. Денотаттық мағынасы нәрестені бөлеп, ұйықтатуға арналған арнайы ағаш төсек болатын «бесік» стимулына 4 ер адам *«колыбель, ребёнок, традиция, коляска»*, 5 әйел респондент *«детская кровать, люлейка, люлька, место сна для ребёнка»* деп жауап берді. Ассоциациялар семантикасы жағынан жақын, стереотипті.

Семантикалық әртүрлілігі бойынша ерекшеленетін ассоциация — «бедная женщина». Ол қазақ тіліндегі лексикографиялық еңбектерде жағымды мәнде қолданылатын «кейуана» стимулына берілген. Салыстырып көрсек, қазақтың көне сөздеріне арналған сөздікте «кейуана» деп «ақыл тоқтатқан, жасы үлкен ақ ниетті әйелді» көрсетеді [18]. Ал орыс тіліндегі тіркесті ассоциацияның мағынасы жағымсыз, теріс.

Қазақ тілінің ауызекі тіл стилінде «бешбармақ» болып жиі кездесетін ұлттық қазақша ет тағамының атауына тағы да бастапқы денотаттық мағынасына сай *«еда, национальное блюдо, конина, блюдо, блюдо казахское национальное, еда из мяса и теста»* ассоциациялары жиналған. Яғни, гастрономиялық атауға оның ұлттық және жалпы сипаты (*еда, национальное блюдо, блюдо, блюдо казахское национальное*), тағамның құрамына (*конина, еда из мяса и теста*) қатысты ассоциациялар туындаған. Қазақша еттің негізгі құрамына қатысты жауаптың әйел адамдарда болғаны таңқаларлық құбылыс емес, себебі орташа есеппен әйел адамдар ер адамдарға қарағанда кез келген ірілі-ұсақты бөлшектерге көбірек назар аударады. Әйелдердің байқампаздық қасиеті синапстық байланыстардың әсіресе ми қыртысында көп болуына байланысты [19; 23].

Мысалдарға сүйене отырып, қазақ тіліндегі стимулға русизм ассоциациялардың берілуі «орыс тілінің қазақтардың тілдік санасына елеулі әсер еткен» [20; 261] деген тұжырым шығаруға болады.

2 - кесте

Ассоциативтік сөздіктегі русизм ассоциациялар

Стимул	Ассоциациялар	Жалпы саны	Ер адам	Әйел адам
Мүшел	13 лет, возраст, возраст созревания, кисель, определенный год человека, подросток, подросток 13 лет, часть	8	3	5
Шашу	Традиция, когда в воздух в сторону гостей кидают конфеты	1	0	1
Бесік жыры	Колыбельная для малышей, мама	2	1	1
Бесік	Колыбель, детская кровать, люлька, коляска, люлейка, место сна для ребёнка, ребёнок, традиция	8	4	4
Кейуана	Бедная женщина	1	0	1
Бешбармақ	Еда, национальное блюдо, конина, блюдо, блюдо казахское национальное, еда из мяса и теста	6	2	4
Барлығы		26	10	16

Қазақ тіліндегі стимулға берілген өзге тіл жауаптарының ішінде ағылшын тіліндегі ассоциациялар да бар (3-кесте). Англицизм ассоциациялардың орын алуын жаһандану заманындағы әлемдік тіл — ағылшын тілінің кең ауқымдылығы мен қолдану аясының кеңдігін, ақпараттық, медиа құралдары, соның ішінде әлеуметтік желілердегі ағылшын тілі бойынша контенттің көптігімен түсіндіруге болады. Шынымен де, респонденттердің көпшілігі жастар болғандықтан олардың

күнделікті тіршілігі (оқу, жұмыс, қызығушылықтары) ағылшын тілімен байланысты, осындай лингвоэлеуметтік жағдай тілдік санаға да әсер етпей қоймайды. 2024 жылға арналған EF English proficiency Index (EF EPI) жылдық есебіне сәйкес, Қазақстандағы ер адамдар (индексі 438) әйелдерге (417) қарағанда ағылшын тілін жоғары деңгейде меңгерген [21]. Біз жүргізген ассоциативтік эксперимент нәтижелерінде де 20 англицизм ассоциациялардың 14-ін ер адамдар берген.

Англицизм ассоциацияларды өзара жіктейтін болсақ, олардың бірінші тобына жалпы сипаттама (*food, kazakh culture, national dish, child's bed, dress, drink, kazakh, hat, song*) жатса, ары қарай оларды стимулға қатысты микроэлементтерді білдіретін ассоциациялар (*horse meat, size, cow, black, milk*), субъектілер (*baby, mummy, beautiful girl, kazakh girls*), моральдық категорияны білдіретін ассоциациялар (*shame, goodness*) деп бөліп көрсетуге болады.

3 - кесте

Ассоциативтік сөздіктегі англицизм ассоциациялар

Стимул	Ассоциациялар	Жалпы саны	Ер адам	Әйел адам
Бешбармақ	Food, horse meat, kazakh culture, national dish	4	3	1
Ірі қара	Size, cow, black	3	2	1
Бесік	Child's bed, baby, mummy	3	2	1
Ұят	Shame, godness	2	1	1
Кимешек	Dress, beautiful girl, kazakh girls	3	2	1
Қымыз-қымыран	Drink, milk, kazakh	3	2	1
Шапан	Hat	1	1	0
Сәукеле	Song	1	1	0
Барлығы		20	14	6

Ұлттық сана мен танымды танытатын стимул сөздерге берілген жауаптар ұлттық мәдени реакцияларды құрайды. Біз жүргізген ассоциативтік эксперименттен алынған осындай ұлттық сипаттағы реакциялар семантикалық тұрғыдан өзара бірнеше тақырыптық топтарға бөлінеді.

1-топ — «Діни» реакциялар: *айттық* — Ораза айт (50), Ораза (45), Айт (44), Айттан сарқыт (20), Ислам (14), Ислам діні (10), Айттық (10), мұсылман (6), Айт мейрамы кезінде берілетін сарқыт (2), Айт кезінде берілетін сый (2), Айт мерекесіне байланысты айттық шай беру, айттық дастарқан жаю (2), Айт мерекесінде болатын дәстүр (2), Айттық, менің ойымша, айттан кейін болады (1), *тұмар* — Құран оқытылған бойтұмар (3), *мүшел* — Пайғамбар жас (5). Нәтижесінде, «діни» вербалды-ассоциативтік өрістің өзі стимул сөздің діни мазмұнда болуына тікелей байланысты болады.

2-топ — «Әдеби-философиялық» *реминисценциялар*: *ұят* — Абайдың ілімінде, оның даналық түсінігінде адамның адамшылығы, ең игі қасиеті — жан сақтау емес, ар сақтау (10). Осы реакция — қазақ әдебиеті, тарихы, мәдениетінде айшықты орны бар ойшыл, философ, ақын Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының жыр шумақтары мен философиялық ойларында кездесетін этикалық көзқарастарының бейнесі.

3-топ — *Географиялық реакциялар*: *ірі қара* — Алматы (3), Шымкент (3), *атамекен* — Қазақстан (40), Кеген (3). Берілген реакциялар — респонденттердің туған жерлерімен байланыстағы жеке жауаптары.

4-топ — *Антропонимдік реакциялар*: *ірі қара* — Жәнібек (2), *сәукеле* — Заңғар (1), Райм мен Артур (5), *иткөйлек* — Бейсенов (1), Алмат (1), *тұмар* — Абылай (1). Адам есімдері түрінде жиналған жоғарыдағы реакциялар жеке және жаппай сананың (*Райм мен Артур (5)*) бейнесі ретінде талданады. Себебі «сәукеле» стимулына берілген «Райм мен Артур» реакциясы отандық медиа кеңістікте кейінгі кездері пайда болып, жастар арасында танымал ән орындаушылары ретіндегі «Райм мен Артур» — Райымбек Бақтыгереев пен Артур Давлетьяровтың «Сәукеле» атты әнімен байланысты. Осы реакциялардан халық арасына кең танылатын музыкалық шығармалар мәтінінің жастар санасына тигізетін ықпалы анық байқалады.

5-топ — «Тағам атаулары»: *қымыз-қымыран* — бал қымыз (10), бие сүті (13), қымыз (31), ағарған (11), шұбат (26), *қалжа* — ет тарту (11), сүйек (3), *асату* — құлақ (4), бауыр (2).

Осылайша, қазақ тілінде берілген ассоциативтік өрістерге қазіргі қазақ қоғамының тыныс-тіршілігі мен оның элеуметтік, психикалық, тарихи өмірінің әртүрлі жақтарын көрсететін 5 топ ажыратылды. Мұндай топтардың саны мен сапасы сан алуан экстралингвистикалық факторларға байланысты өзгеріске түсіп отырады.

Мұндай факторлардың қатарына, ең алдымен, адамның өмір сүріп отырған белгілі бір этникалық ортасы, сонымен қатар қазіргі этномәдени дәстүрлер мен нақты этноәлеуметтік жағдай жатады; ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған бұқаралық ақпарат құралдары да маңызды рөл атқарады. Этникалық сана оқшау қалыпта қалып қоймайды, ол топтық сананың басқа түрлерімен бірге оларға әсер етеді және өзі де солардың ықпалына ұшырайды да, адамдардың әлеуметтік бағдарының күрделі бейнесін жасайды.

Ассоциативтік реакцияларды осындай тақырыптық топтарға бөлу қазақ тілін үйренушілерге, қазақ халқының мәдениеті мен ұлттық рухани әлемін зерттеушілерге құнды ақпарат беретіні анық.

Ұлттық ассоциативтік сөздікті құрастыруда мақала авторларының жүргізген ассоциативтік эксперименті арқылы белгілі бір ұғымның қазақ тілділер арасында қалай интерпретацияланып, қандай сипатта тілдік санасында орын алатыны, құндылықтар жүйесінде қандай рөл атқаратыны т.б. сияқты көптеген этнотанымдық, психолингвистикалық, әлеуметтік маңызы бар ақпаратқа қол жеткізуге болады. Осындай мәліметтерді адамның ойлауы мен санасында орын алатын тілдік бірліктерді көрсететін ассоциативтік өрістер бере алады.


Жалпы тіл білімінде ассоциативтік эксперимент нәтижесінде алынған сөздердің жиынтығы ассоциативті өрістер деп аталады. «Ассоциативті өріс» терминін Ш. Балли енгізген және «семантикалық өріс» терминінің синонимі ретінде қолданған. Ассоциативтік өрістің айтарлықтай ерекшелігі — саналы түрде стимул сөз бен ассоциациялар арқылы өріс ауқымы анықталып, өрістің өзі ассоциативтік экспериментке қатысқан респонденттердің жауаптары нәтижесінде пайда болады да, семантикалық өріс секілді мәтінге емес, экспериментке қатысатын адамдардың реакцияларына байланысты болады. Ассоциативтік өрісте сөздің тікелей лексикалық мағынасы ғана емес, сонымен қатар көптеген қосымша мәндер, соның ішінде субъективті/объективті бағалау және әлем, ұлт туралы жалпы көзқарасы мен ғаламдық тілдік бейнесі де сараланады. Орыс ғалымы Ю.Н. Карауловтың пікірінше, ассоциативтік өріс дегеніміз адамның ауызша жадының (білімінің), семантикалық және грамматикалық қатынастардың көрінісі ғана емес, сонымен бірге белгілі бір мәдениетті тасымалдаушыларының сана бейнелерінің, мотивтері мен бағалауларының көрінісі [22; 200]. Ассоциативтік өріс бірнеше микро өрістерден тұрып, олардағы лексемалар бір-біріне семантикалық жағына жақын болып келеді. Ассоциативтік өріс аясында лексика-семантикалық топтың ядросы мен перифериясын анықтауға мүмкіндік туады. Өрістің ядросына адам санасында стереотип ретінде қалыптасқан, ойына бірден түсетін жиі қолданыстағы реакциялар кіреді. Ал периферияға жиілігі аз жатады.

Мысалы, экспериментіміздің стимул сөзі ретінде алынған «асар» сөзінің ядросын саны жағынан көп жиналған реакциялар құрады: *көмек* (23), *көмектесу* (15), *ырым* (13), *асар* (10), *үй* (9), *бірлік* (8), *қонақ* (7), *туыстардың көмегі* (5), *әке* (3), *бесвозмездная помощь* (2), *киіз үй* (1), *адамдар* (1), *сплоченность* (1). Ассоциативтік өріс заңдылығына сәйкес, сандық сипаты тұрғысынан *көмек* (23), *көмектесу* (15), *ырым* (13) реакциялары ядро, ал *киіз үй* (1), *адамдар* (1), *сплоченность* (1) реакциялары тек 1 рет ғана берілгендіктен, олар периферия қатарына қосылады (2-сурет).

Сонымен бірге, ассоциативтік эксперимент арқылы ассоциативтік өрісті анықтап қана қоймай, қазақ ұлтының мәдени, рухани құндылықтарын аксиологиялық талдаулар арқылы анықтап, респонденттердің субъективті интерпретациясы мен тілді қолдану ерекшелігін де байқауға болады. «Асар» стимулы мысалында жиналған ассоциативтік реакциялардың бірқатары қазақ халқының асармен байланысты материалдық, рухани мәдениетінен ақпарат береді. Мәселен, «*ырым, асар, бір-біріне ақысыз көмектесу, қонақ, көмек беру үй салғанда, той, құдайы беру, салт-дәстүр, жиын, ас*» реакциялары қазақтардың салт-дәстүрі мен тыныс-тіршілігіне қатысты болса, «*үй, киіз үй*» реакциялары материалдық мәдениеттің көрінісі болады. «*Көмек, көмектесу, бірлік, жәрдемдесу*» реакциялары қазақ халқының гуманистік идеяларды ұстанатын, жоғары моральді бағалайтын ұлт екендігін көрсетеді де, олар рухани құндылықтарды білдіретін жауаптар болып саналады.

Жоғарыда келтірілген реакциялар қазақ тілінде сөйлейтін респонденттер үшін «асар» сөзінің семантикасының түсінікті және стереотипті табиғатын танытады. Себебі *асар* деп ел арасында күрделі шаруаны көпшілік болып атқаруды, бір үйдің шаруасына жұрттың қол күшімен көмек беруін айтады. Көпшіліктің көмегіне мұқтаж үй мұндайда көбінесе бір қой сойып, жұртты белгілі бір уақытқа жұмысқа шақырады. Мұны *асарға шақыру* деп атайды. Асарға барған қыз-жігіттер көңілді әзіл-қалжыңмен жүріп әр үйдің қажетті киізін басып береді. Мұның өзі қазақтың дәстүрлі мәдениетінде киіз басудың тек бейнетті жұмыс қана емес, асар жасаудың арқасында ауыл адамдары үшін кішігірім жиын-той сияқты болғанын көрсетеді [23; 50].

Барша қазақ қоғамына ортақ стереотиптік реакциялармен қатар, респонденттің өмір тәжірибесі, ойы мен «асарға» қатысты өз қатынасын білдіретін жекелеген интерпретациялар да кездеседі: «Үй салғанда туыстарды жинап, көмекке шақырады, кейін ет асып береді; бірігіп, бір адамның үйіне көмек беру; жалпы жиналып жасалатын жұмыс; құрылыста көмек беру; бір үйге жұмыла көмектесу; күрделі, көлемді жұмыстарды атқару үшін бірнеше ауылдың адамдарын асарға шақырады; бірігіп, бір адамның үйіне көмек беру; ақысыз бір-біріне көмектесу; үй салғанда жақындарын шақыру; көмектескен жандарға тамақ беру; ағайынды жұмысқа шақыру; көмек қолын созу; адамдардың жиналып көмектесуі; үй салған кезде адамдар көмектеседі; үй салғанда асар жасап шақырады, барша дос, туысқандардың басын қосып, бірігіп жасау; ауылдық жерде біреуге көмектесуді айтады. Асарлатып үй салып жатады. Асар деген біріккен көмек түрі; асар атадан қалған асыл салт; көмекке шақырып, бірігіп, істі бітіру; ауылдас, рулас, туысқандардың үй салу не ауыр жұмыста көмек беруі; үй салғанда көмекке шақыру; үй салу сияқты жұмысқа жабылып көмектесу; көптің көмегі; ұжымдасып жұмыс істеп, бір адамға көмектесу, бітіре алмай жатқан жұмысын бітіру; жетістікке жетер; көпшіліктің көмек көрсетуі». Осындай реакциялар түрлі тұлғадағы тілдік бірліктерден құралып, респонденттердің аз пайыздық көрсеткіштегі жауаптарынан тұрады. Сондықтан да мақала авторлары оларды жеке топтастырып ұсынады. Осындай жеке сипатты реакциялар «асар» стимулының белгілі бір жағдайларда қолданылу прагматикасы мен сөздіктерде кездесе бермейтін қосымша мәндерін де келтіреді, аталған реакциялар осы қасиеттерімен де құнды болмақ.



2-сурет: «Асар» стимулының ассоциативтік өрісі

Сауалнама реакцияларын кешенді түрде талдай келе, ассоциативтік эксперимент нәтижелеріне респонденттердің жас ерекшеліктерінің де, қоғамда басым сипатқа ие тенденциялардың да тікелей әсер ететіндігін анықтауға болады. Ғалым Ю.И. Алферова атап көрсеткендей, ассоциативтік эксперименттің нәтижелері тілдік мағыналардың артында тұрған әмбебап когнитивті құрылымдарды және субъектілердің жеке ерекшеліктері, олардың жеке мағыналарының мазмұны, яғни этникалық/кәсіби сананың ерекшелігі туралы білім алуға мүмкіндік береді. Ассоциативтік эксперимент материалдары бойынша әлем бейнесінің жүйелілігін зерттеудің бір әдісі — тілдік сананың өзегін, яғни берілген семантикалық желінің басқа бірліктерімен ең көп байланысы бар семантикалық желінің бірліктерін анықтау мүмкін болады [24; 106]. Сонымен бірге, жапон ғалымдары ассоциативтік сөздіктерде берілген ассоциацияларға морфологиялық талдау жасай отырып, контекстік семантикалық желі құрастырған [25; 1596]. Ассоциаттарға осындай морфологиялық талдаулар Румын сөз ассоциацияларының алғашқы жинағын құрастыруда да [26;

165] жүргізілген. Мұның өзі осындай ассоциаттардың семантикалық желісі арқылы лексемалардың прагматикасы зерттеу нысанына айналатынын білдіреді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, ассоциативтік лексикографияның тарихында әлемнің түкпір-түкпірінен түрлі қағидаттарға негізделген көптеген сөздіктер жарыққа шыққанын байқай аламыз. Олардың бірі — монолингвалды болса, бірі — полилингвалды. Барлығына тән ерекшеліктердің бірі — еркін, бағытталған ассоциативтік эксперимент негізінде жүргізіліп, түрлі мақсаттағы практикалық мәселелерді шеше алуы. Мақала авторларының жүргізген эксперименті — соның бір дәлелі. Сондықтан да халықтың мәдениетіне қатысты этнологиялық, психологиялық, елтанымдық т.б. білімін жинақтайтын тілдік санасының айнасы — ассоциативтік сөздіктердің ғылыми болашағы зор.

Мақала аясында нақты тілдік фактілер нәтижесінде ассоциативтік сөздіктердің тұтас ұлттың тілдік санасы, ғаламдық бейнесі, күнделікті өмірінен, ауызекі коммуникациясынан мол психолингвистикалық ақпарат беретіндігіне көз жеткізуге болады. Себебі нақты этнолексемалардан тұратын стимул сөздерге берілген ассоциациялар этноаксиологиялық, этнопсихолингвистикалық, этномәдениеттанымдық сипаттарымен ерекшеленеді. Сондықтан да олар бірнеше тақырыптық топтарға бөлініп, лексика-семантикалық (денотаттық, ассоциативтік, прагматикалық) мағыналары мен ассоциативтік өрістері анықталып, қазақ тілді респонденттердің полилингвалды ойлау жүйесі талданды. Берілген тілдік материалдар мысалдары негізінде ассоциативтік сөздіктерді көптеген ғылым салаларының, әсіресе психолингвистиканың өзекті мәселелерін айқындап, шешуде қолдануға болатын маңызды лексикографиялық еңбек деп анықтай аламыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Дмитриук Н.В. Казахско-русский ассоциативный словарь (КРАС-1978) / Н.В. Дмитриук. — Шымкент, 1978. — 246 с.
- 2 Jung C.G. The psychology of dementia praecox. In The collected works of C.G. Jung. — Princeton, NJ: Princeton University Press, 2018. — Vol. 3. — 250 p.
- 3 Nelson L. What is free association and what does it measure? / L. Nelson, M. Cathy, D. Simon. — New York: Memory & Cognition 28. — 2000. — P. 887–899.
- 4 Osgood C. The Measurement of Meaning / C. Osgood, S. Tannenbaum. — Illinois: University of Illinois Press, 2017. — 342 p.
- 5 Kent G.H. A study of association in insanity / G.H. Kent, J.R. Aaron. — New York: American Journal of Insanity. — 1910. — P. 317–390.
- 6 Русский ассоциативный словарь. Ассоциативный тезаурус современного русского языка [в 3-х частях, 6-ти книгах] / Ю.Н. Караулов, Ю.А. Сорокин, Е.Ф. Тарасов, Н.В. Уфимцева, Г.А. Черкасова. Кн. 1, 3, 5. Прямой словарь: от стимула к реакции. Книга 2, 4, 6. Обратный словарь: от реакции к стимулу. — М., 1998. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://thesaurus.ru/dict/>. (Дата обращения: 01.03.2025).
- 7 Kiss G. An associative thesaurus of English and its computer analysis / G. Kiss, C. Armstrong, R. Milroy, J. Piper. — Edinburgh: Edinburgh University, 1972. — [Electronic resource]. — Access mode: <http://vlado.fmf.uni-lj.si/pub/networks/data/dic/eat/Eat.htm>. (Accessed: 09.03.2025).
- 8 Залевская А.А. Ассоциативный тезаурус английского языка и возможности его использования в психолингвистических исследованиях / А.А. Залевская // Психолингвистические исследования в области лексики и фонетики: сборник научных трудов [редкол.: А.А. Залевская (отв. ред.) и др.]. — Калинин: КГУ, 1983. — С. 26–41.
- 9 Palermo D.S. Word Association Norms: Grade School through College / D.S. Palermo, J.J. Jenkins. — Minnesota: Minnesota Press, 2017. — 383 p.
- 10 Thorndike L. The teacher's work book of 30,000 words / L. Thorndike, I. Lorge. — New York: Columbia University Press, 2020. — 274 p.
- 11 Ogden C.K. Basic English / C.K. Ogden. — London: Paul Treber & Co., 2021. — 525 p.
- 12 Fitzpatrick N. Comparing child word associations to adult associative norms: Evidence for child-specific associations with a strong priming effect in 3-year-olds / N. Fitzpatrick, C. Floccia // Behavior Research Methods. — Cham: Springer, 2024. — Vol. 56. — P. 7168–7218.
- 13 Қазақ әдеби тілінің сөздігі [Он бес томдық] / Құраст.: М. Малмақов, Қ. Есенова, Б. Хинаят және т.б. — Алматы, 2011. — 14-том — 800 б. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: https://sozdikqor.kz/soz?_id=229712&a=Uiat. (Қарау уақыты: 20.03.2025).
- 14 Толковый словарь русского языка. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://ozhegov.slovaronline.com/34158-STYID>. (Дата обращения: 29.03.2025).

- 15 Oxford Learner's Dictionary. — [Electronic resource]. — Access mode: https://www.oxfordlearnersdictionaries.com/definition/english/shame_1?q=shame. (Accessed: 25.03.2025).
- 16 Қазақстан Республикасының Конституциясы. — [Электрондық ресурсы]. — Қолжетімділігі: https://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution. (Қарау уақыты: 20.03.2025).
- 17 Mukhambetova A. Nomadic life cycle structured by calendar, representative of lexical-semantic processes and genre systems / A. Mukhambetova, G. Suleyeva, A. Yessetova, S. Janseitova, A. Kaldayakova, G. Arkabayeva // Conservation Science in Cultural Heritage. — Bologna: Alma Mater Studiorum — Università di Bologna, 2022. — Vol. 22. — P. 383–403.
- 18 Қайыржан К. Сөз-сандық: Қазақтың көне сөздері / К. Қайыржан. — Алматы: «Өнер» баспасы, 2013. — 480 б. — [Электрондық ресурсы]. — Қолжетімділігі: <https://sozdikqor.kz/soz?id=336200&a=KEIYANA>. (Қарау уақыты: 19.02.2025).
- 19 Жуков Д.А. Поведение женщины и поведение мужчины. Биологические основы / Д.А. Жуков. — СПб.: ИД «ПРТ», 2012. — 298 с.
- 20 Бахтиреева У.М. О перспективах исследования русско-инонационального билингвизма / У.М. Бахтиреева. — Материалы научно-практической конференции «Жизнь языка в культуре и социуме-5». — М.: Канцлер, 2015. — С. 260–262.
- 21 EF English Proficiency Index (EF EPI). — [Electronic resource]. — Access mode: <https://www.ef.com/kz/epi/regions/asia/kazakhstan/>. (Accessed: 25.02.2025).
- 22 Караулов Ю.Н. Показатели национального менталитета в ассоциативно-вербальной сети / Ю.Н. Караулов // Языковое сознание и образ мира. — М.: Ин-т языкознания РАН, 2000. — С. 191–206.
- 23 Әлімжанова А. Қазақ тіліндегі әйел қолөнеріне байланысты халықтық лексиканың этнолінгвистикалық сипаты: филол. ғыл. канд. ... дисс. / А. Әлімжанова. — Алматы, 2008. — 193 б.
- 24 Алферова Ю. Профессионально-маркированные компоненты языкового сознания: дис. ... канд. филол. наук / Ю.И. Алферова. — Омск, 2005. — 182 с.
- 25 Okamoto Ju. A Contextual Dynamic Network Model for WSD Using Associative Concept Dictionary / Ju. Okamoto, K. Uchiyama, S. Ishizaki. — Paris: European Language Resources Association (ELRA), 2008. — P. 1595–1599.
- 26 Popa G. On the necessity of compiling an associative dictionary of the Romanian / G. Popa. — Târgu-Mureş: Arhipelag XXI Press, 2013. — P. 80–87.

П.Т. Медетбекова, Б.К. Кордабай, М.К. Мамбетова

Обзор практики составления ассоциативных словарей

В статье приводится описание основных ассоциативных словарей различных языков — в частности, русского, английского и славянских языков, изданных в конце прошлого века, — а также представлены результаты компьютерного ассоциативного эксперимента, проведенного авторами. Кратко рассматривается история ассоциативного эксперимента, широко используемого в мировой лингвистической практике. В описании словарей отражены типы ассоциативного эксперимента, выборка респондентов и особенности структуры словарей. Особое внимание уделяется вопросу записи полученных данных в словарную статью и их анализа. В ходе обзора ассоциативных словарей проанализированы лексикографические характеристики «Русского ассоциативного словаря», «Славянского ассоциативного словаря: русский, белорусский, болгарский, украинский» (сокращенно — «Славянского ассоциативного словаря»), а также Эдинбургского ассоциативного тезауруса. Результаты компьютерного ассоциативного эксперимента, проведенного на платформе формы Google в качестве пилотного опроса на 3 языках (казахском, русском и английском), представлены в виде таблицы, отражающей национальное сознание казахского народа через стимулы, являющимися национальными концептами. При составлении и анализе национального ассоциативного словаря казахского языка были выявлены языковые факты, характерные для ментальности казахского народа. Основным отличием этого словаря от аналогичных трудов на других языках является то, что в качестве реакций представлены устойчивые выражения, метафоры, эпитеты, афоризмы и крылатые слова. Кроме того, опираясь на результаты исследований психологов, авторы приходят к выводу о наличии различий в языковом сознании, мировоззрении, способах выражения эмоций, мышлении и использовании языковых единиц у мужчин и женщин. Эти гендерные различия были выявлены путем анализа статистики ассоциаций, что позволило подтвердить гипотезу авторов о наличии «гендерных» особенностей реакций. Таким образом, ассоциативный словарь позволяет выявить гендерные особенности языкового сознания, как отдельной личности, так и общества в целом. Выход в свет национального ассоциативного словаря казахского языка может стать основой для изучения этнокультурных особенностей менталитета казахского этноса. Поскольку словарь отражает лингвокультурные и этносоциальные стереотипы в языковом сознании современных носителей казахского языка, он открывает широкие возможности для решения актуальных задач современной интегративной лингвистики. Статья адресована специалистам-лексикографам, а также широкой аудитории, интересующейся вопросами языкознания.

Ключевые слова: ассоциация, ассоциативные словари, стимул, реакция, лексикография.

Review of the practice of compiling associative dictionaries

The article provides a description of the main associative dictionaries of various languages — in particular, Russian, English, and Slavic languages — published at the end of the last century. It also presents the results of a computer-based associative experiment conducted by the authors. The history of the associative experiment, widely used in global linguistic practice, is briefly reviewed. The description of the dictionaries reflects the types of associative experiments, the respondent samples, and the structural features of the dictionaries. Particular attention is given to the recording of the obtained data in dictionary entries and their analysis. In the course of the review of associative dictionaries, the lexicographic characteristics of “the Russian Associative Dictionary”, “the Slavic Associative Dictionary: Russian, Belarusian, Bulgarian, Ukrainian” (abbreviated as “the Slavic Associative Dictionary”), as well as the Edinburgh Associative Thesaurus are analyzed. The results of a computer-based associative experiment, conducted as a pilot survey in three languages (Kazakh, Russian, and English) using the Google Forms platform, are presented in the form of a table that reflects the national consciousness of the Kazakh people through stimuli representing national concepts. In the process of compiling and analyzing the national associative dictionary of the Kazakh language, linguistic features characteristic of the Kazakh national mentality were identified. The main distinction of this dictionary from similar works in other languages is that the reactions include fixed expressions, metaphors, epithets, aphorisms, and catchphrases. Furthermore, based on the results of psychological studies, the authors conclude that there are differences in linguistic consciousness, worldview, ways of expressing emotions, thinking, and the use of linguistic units between men and women. These gender differences were identified through the analysis of association statistics, which allowed the authors to confirm their hypothesis about the presence of “gender-specific” features in the reactions. Thus, the associative dictionary helps to reveal the gender characteristics of both individual and societal linguistic consciousness. The publication of the National Associative Dictionary of the Kazakh Language is considered a valuable foundation for studying the ethnocultural traits of the Kazakh ethnos’ mentality. Since the dictionary reflects linguocultural and ethno-social stereotypes in the linguistic consciousness of contemporary speakers of the Kazakh language, it offers broad opportunities for addressing current challenges in modern integrative linguistics. The article is intended for lexicography specialists as well as a broad audience interested in linguistic studies.

Keywords: association, associative dictionaries, stimulus, reaction, lexicography.

References

- 1 Dmitryuk, N.V. (1978). *Kazakhsko-russkii assotsiativnyi slovar (KRAS-1978)* [Kazakh-Russian Associative Dictionary (RED-1978)]. Shymkent [in Russian].
- 2 Jung, C.G. (2018). *The psychology of dementia praecox*. In The collected works of C.G. Jung. Princeton, NJ: Princeton University Press. Vol. 3.
- 3 Nelson, L., Cathy, M., & Simon, D. (2000). *What is free association and what does it measure?* New York: Memory & Cognition 28.
- 4 Osgood, C. & Tannenbaum, S. (2017). *The Measurement of Meaning*. Illinois: University of Illinois Press.
- 5 Kent, G.H. & Aaron, J.R. (1910). *A study of association in insanity*. New York: American Journal of Insanity.
- 6 (1998). *Russkii assotsiativnyi slovar. Assotsiativnyi tezaurus sovremennogo russkogo yazyka* [Russian associative dictionary. Associative thesaurus of the modern Russian language]. Ju.N. Karaulov, Ju.A. Sorokin, E.F. Tarasov, N.V. Ufimceva, G.A. Cherkasova. Kniga 1, 3, 5. Priamoi slovar: ot stimula k reaktsii. Kniga 2, 4, 6. Obratnyi slovar: ot reaktsii k stimulu — Books 1, 3, 5. Direct vocabulary: from stimulus to reaction. Book 2, 4, 6. Reverse dictionary: from reaction to stimulus. Moscow. Retrieved from <http://thesaurus.ru/dict/> (Data obrashcheniia: 01.03.2025) [in Russian].
- 7 Kiss, G., Armstrong, C., Milroy, R., & Piper, J. (1972). *An associative thesaurus of English and its computer analysis*. Edinburgh: Edinburgh University. Retrieved from <http://vlado.fmf.uni-lj.si/pub/networks/data/dic/eat/Eat.htm>. (Accessed: 09.03.2025).
- 8 Zalevskaja, A.A. (1983). *Assotsiativnyi tezaurus angliiskogo yazyka i vozmozhnosti ego ispolzovaniia v psikholingvistikheskikh issledovaniiax* [The associative thesaurus of the English language and the possibilities of its use in psycholinguistic research]. *Psikholingvisticheskie issledovaniia v oblasti leksiki i fonetiki: sbornik nauchnykh trudov — Psycholinguistic research in the field of vocabulary and phonetics: a collection of scientific papers* (pp. 26–41). A.A. Zalevskaja (Ed.). Kalinin: Kalininskii gosudarstvennyi universitet [in Russian].
- 9 Palermo, D.S., & Jenkins, J.J. (2017). *Word Association Norms: Grade School through College*. Minnesota: Minnesota Press.
- 10 Thorndike, L., & Lorge, I. (2020). *The teacher's work book of 30,000 words*. New York: Columbia University Press.
- 11 Ogden, C.K. (2021). *Basic English*. London: Paul Treber & Co.
- 12 Fitzpatrick, N., & Floccia, C. (2024) Comparing child word associations to adult associative norms: Evidence for child-specific associations with a strong priming effect in 3-year-olds. *Behavior Research Methods*, 56, 7168–7218.

- 13 (2011). Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. M. Malmakov, K. Esenova, B. KHinaiat (Comp.). (Vols. 1–15. Vol. 14). Almaty. Retrieved from <https://sozdikqor.kz/soz?id=229712&a=Uiat>. (Accessed: 20.03.2025). [in Kazakh].
- 14 Tolkovi slovar russkogo yazyka [Explanatory dictionary of the Russian language]. Retrieved from <https://ozhegov.slovaronline.com/34158-STYID>. (Accessed: 29.03.2025) [in Russian].
- 15 Oxford Learner's Dictionary. Retrieved from https://www.oxfordlearnersdictionaries.com/definition/english/shame_1?q=shame. (Accessed: 25.03.2025).
- 16 Qazaqstan Respublikasynyn Konstitutsiiasy [Constitution Of The Republic Of Kazakhstan]. Retrieved from https://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution. (Accessed: 20.03.2025) [in Kazakh].
- 17 Mukhambetova, A., Suleyeva, G., Yessetova, A., Janseitova, S., Kaldayakova, A., & Arkabayeva, G. (2022). Nomadic life cycle structured by calendar, representative of lexical-semantic processes and genre systems. *Conservation Science in Cultural Heritage*, 22, 383–403. Bologna: Alma Mater Studiorum — Università di Bologna.
- 18 Kajyrzhan, K. (2013). Soz-sandyq: Qazaqtyn kone sozderi [Words: old Kazakh words]. Almaty: “Oner” baspasy. Retrieved from <https://sozdikqor.kz/soz?id=336200&a=KEIYANA>. (Accessed: 19.02.2025) [in Kazakh].
- 19 Zhukov, D.A. (2012). *Povedenie zhenshchiny i povedenie muzhchiny. Biologicheskie osnovy [The behavior of a woman and the behavior of a man. Biological foundations]*. Saint Petersburg: ID «PRT» [in Russian].
- 20 Bahtikireeva, U.M. (2015). O perspektivakh issledovaniia russko-inonatsionalnogo bilingvizma [On the prospects of Russian-foreign bilingualism research]. *Materialy nauchno-prakticheskoi konferentsii «Zhizn yazyka v kulture i sotsiume-5» — Materials of the scientific and practical conference “The life of language in culture and society-5”* (pp. 260–262). Moscow: Kantsler [in Russian].
- 21 EF English Proficiency Index (EF EPI). Retrieved from <https://www.ef.com/kz/eipi/regions/asia/kazakhstan/>. (Accessed: 25.02.2025).
- 22 Karaulov, Ju.N. (2000). Pokazateli natsionalnogo mentaliteta v assotsiativno-verbalnoi seti [Indicators of national mentality in the associative-verbal network]. *Yazykovoe soznanie i obraz mira — Linguistic consciousness and the image of the world* (pp. 191–206). Moscow: Institut yazykoznaniia Rossiiskoi Akademii Nauk [in Russian].
- 23 Alimzhanova, A. (2008). Qazaq tilindegi aiel qolonerine bailanysty khalyqyq leksikanyn etnolingvistikalıq sipaty [The ethnolinguistic character of folk vocabulary in connection with women's craft in the Kazakh language]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 24 Alferova, Ju. (2005). Professionalno-markirovannye komponenty yazykovogo soznaniia [Professionally labeled components of linguistic consciousness]. *Candidate's thesis*. Omsk [in Russian].
- 25 Okamoto, J., Uchiyama, K., & Ishizaki, S. (2008). *A Contextual Dynamic Network Model for WSD Using Associative Concept Dictionary*, 1595–1599. Paris: European Language Resources Association (ELRA).
- 26 Popa, G. (2013). On the necessity of compiling an associative dictionary of the Romanian. Târgu-Mureş: Arhipelag XXI Press.

Information about authors

Perizat Tuktibaikyzy Medetbekova — Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan; e-mail: medet_73@mail.ru

Bakyt Kurakbaikyzy Kordabay* (corresponding author) — PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan; e-mail: bakyt.kordabay@gmail.com

Manshuk Kudaibergenkyzy Mambetova — Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan; e-mail: mmanshuk@gmail.com